«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат, тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область, 130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100, тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

12.03.18 № 02-09/526

«Ғимарат 01» ЖШС-нің директоры
У.Исановқа
130000, Жаңаөзен қаласы, Арай ш/а, Кулбарак батыр көшесі,№11,
тел: + 7 701 169 2571, e-mail. Gimarat01@mail.ru.

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)*, Сіздің «Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-нің *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан № 2196213-1 ««Жетібай кентіндегі кенттік полиция бөлімшесі» жұмысын сатып алу жөніндегі электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекттік сатып алуына қатысты жазған 19.02.2018 жылғы № 3414 санды шағымыңызға келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан аталған сатып алуға қатысты келтірген шағымыңыз бойынша мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталу мәселесіне камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен сіздің шағымыңыз бойынша бұзышылық деректерінің орын алмағандығы, алайда қосымша бұзушылықтар анықталғаны назарыңызға беріледі.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы *(бұдан әрі - Заң)* 9-бабының 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес, жұмыс тәжірибесінің болуы, осы тармақтың 5) тармақшасының талабы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларымен айқындалатын өлшемшарттарға сәйкес белгіленетіні көрсетілген.

Сәйкесінше, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының *(бұдан әрі - Қағида)* 155-тармағында, жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын ***жұмыстар нарығында*** әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді делінген.

Алайда, 19.02.2018 жылғы қортындысы туралы хаттамаға сәйкес, комиссия мүшелері тарапынан «Альянс LTD» ЖШС-нің шартты жеңілдік бағасын 10,6 % деп дұрыс есептемегені анықталды.

Атап айтқанда, «Альянс LTD» ЖШС-нің біліктілік туралы мәліметінде келесідей жұмыс тәжірибесі көрсетілген:

2012 жылы (1%) «Строительство кафе-бара «Рауан», продуктового магазина, офис служебная автостоянка».

Нәтижесінде, конкурс комиссияның тарапынан «Альянс LTD» ЖШС-нің шартты жеңілдік бағасын 10,6 % деп дұрыс есептемегені анықталды, негізінде тиісті есептелу керек шартты жеңілдік бағасы 11,6 % болу керек болатын.

Осыған орай комиссия мүшелері тарапынан жоғарды аталған жұмыс өтілдерін көрсеткеніне қарамастан 1 % шартты жеңілдік қате берілмегені анықталды.

Анықталған бұзушылықтар бойынша ұйымдастырушының мекен-жайына камералдық бақылау нәтижесімен анықталған бұзышылықтарды жою жөнінде 12.03.2018 жылы хабарлама жолданды.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Тебериков Ж.
тел: 8 7292 31-90-92.